

Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2021 жылғы 4 қазандағы № 11-1-4/416 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2021 жылғы 7 қазанда № 24657 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2025 жылғы 14 шілдедегі № 11-1-4/420 бүйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 14.07.2025 № 11-1-4/420 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 34-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Валюта-қаржы департаменті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс қуні ішінде осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрі

M. Тілеуберді

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

2021 жылғы "___"

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
2021 жылғы 4 казандагы
№ 11-1-4/416 бұйрығымен
бекітілген

Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 34-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтер) құнын айқындау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

- 1) тікелей шығыстар – көрсетілетін қызметтердің ерекшелігіне тікелей байланысты шығыстар;
- 2) шартты-тұрақты шығыстар – қызметті жүзеге асыру, оның ішінде көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін жағдайлар жасау жөніндегі шығыстар.

2- тарау. Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер және мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау тәртібі

3. Көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау кезінде осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шығындар құрылымында көрсетілген, негіздеуші құжаттармен расталған тікелей және шартты-тұрақты шығыстар ескеріледі.

4. Тікелей шығыстар осы көрсетілетін қызметтерге тікелей байланысты шығындар жататын, қызметтерді көрсету үшін қажетті ресурстар негізге алына отырып айқындалады.

Шартты-тұрақты шығыстарды көрсетілетін қызметтер құнына қосу үшін қызметтерді орындаушының даму жоспарының көрсеткіштері негізге алынады.

5. Келесі жоспарлы кезеңге көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау кезінде қаржы нарығының валюталардың айырбастау бағамдарына әсері, инфляция коэффициенті және шарттық міндеттемелерді орындау мерзімінің ұзақтығы ескеріледі.

6. Көрсетілетін қызметтер құны осы Қағидалардың 2-қосымшасына сай көрсетілетін қызметтер құнының есебіне сәйкес айқындалады.

Зерттеулердің, консалтингтік
көрсетілетін қызметтер мен
мемлекеттік тапсырманың
құнын айқындау қағидаларына
1-қосымша

Көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шығындардың құрылымы

Көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шығындардың құрылымы мыналарды қамтиды:

1) тікелей шығыстар:

қызмет көрсетуге тікелей қатысатын қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар (лауазымдық жалақы, қосымша ақылар, үстемеақылар, сауықтыруға арналған жәрдемақылар, сыйлықақылар);

жұмыс берушілердің жарналары (әлеуметтік салық, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, жұмыс берушілердің Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдары);

іссапар шығыстары;

көрсетілетін қызметті іске асыру үшін қосалқы мердігер ретінде тартылатын сыртқы сарапшыларды тарту бойынша шығыстар;

тікелей қызметті орындау үшін қажетті (оның ішінде конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу кезінде) полиграфиялық шығыстар (бланк өнімдерін: сауалнамаларды, бағыт парақтарын, карточкаларды, зерттеу есептерін, тест тапсырмаларын көбейту, құжаттарды түптеу, тігу және өндеу);

конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу үшін үй-жайлар мен жабдықтарды жалға алу бойынша шығыстар;

конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу кезіндегі көлік қызметтері;

конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізуге байланысты шығыстар (дәйекті және ілеспе аударма қызметтері, шақырылған сарапшылардың қаламақылары, бөтөлкедегі су, бір реттік стақандар);

ақпараттық қызметтер (мерзімді, оның ішінде электрондық басылымдарға және ақпараттық жүйелерге жазылу);

аударма қызметтері (жазбаша аударма);

2) шартты-тұрақты шығыстар:

корлар бойынша шығыстар;

әкімшілік персонал қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстар (лауазымдық жалақы);

жұмыс берушілердің жарналары (әлеуметтік салық, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, жұмыс берушілердің Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдары);

негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы;

негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді ұсташа және жөндеу;

коммуналдық шығыстар (жылу энергиясы, электр энергиясы, сумен жабдықтау, су бұру және қоқыс шығару жөніндегі шығыстар);

байланыс қызметтері (пошталық, курьерлік қызметтер, Интернет, телефон байланысы, оның ішінде халықаралық және қалааралық байланыс қызметтері);

акпараттық қызметтер (кабельдік теледидар);

салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер (мұлік салығы, көлік құралдары салығы, жер салығы);

банк қызметтері;

кузету бойынша қызметтер;

өрт қауіпсіздігі және арнайы талаптарды сақтау;

3) Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 369-бабының 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес қосылған құн салығы.

Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтер мен мемлекеттік тапсырманың құнын айқындау қағидаларына
2-қосымша

Көрсетілетін қызметтердің құнының есебі

1. Көрсетілетін қызмет құны мына формула бойынша есептеледі:

$K = T_{sh} + B_{sh} + KKC$, мұнда:

T_{sh} – қызмет көрсетуге тікелей қатысатын қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу және жұмыс берушілердің жарналары бойынша шығыстарсыз тікелей шығыстар;

B_{sh} – қызмет көрсетуге тікелей қатысатын қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстарды, жұмыс берушілердің жарналарын және шартты – тұрақты шығыстарды (бұдан әрі-қызмет құнының бөлінетін бөлігі) қамтитын еңбек шығынына қарай бөлінетін шығыстар;

KKC – қосылған құн салығы.

2. Қызмет құнының бөлінетін бөлігі мына формула бойынша есептеледі:

$B_{sh} = E_{sh} * CM$, мұнда:

E_{sh} – қызмет көрсетуге тікелей қатысатын бір қызметкерге адам-сағаттағы еңбек шығындары;

СМ – қызмет көрсетуге тікелей қатысатын қызметкердің сағаттық мөлшерлемесі.

3. Қызмет көрсетуге тікелей қатысатын бір қызметкерге адам-сағаттағы енбек шығындары мына формула бойынша есептеледі:

ЕШ = А * Сағ * ЖКО, мұнда:

А – қызметті орындау айларының саны;

Сағ – бір күнгі қызметті орындау сағаттарының саны;

ЖКО – тиісті жылға арналған жұмыс уақыты балансына сәйкес жұмыс күндерінің орташа айлық саны.

4. Қызмет көрсетуге тікелей қатысатын бір қызметкерге сағаттық мөлшерлеме мына формула бойынша есептеледі:

$$СС = \frac{ЕА + ШТШа}{ЖСО}, \text{ мұнда:}$$

ЕА – қызмет көрсетуге тікелей қатысатын қызметкерлердің енбегіне ақы төлеу бойынша шығыстар, жұмыс берушілердің жарналары;

ШТШа – қызмет көрсетуге тікелей қатысатын бір қызметкерге айна келетін шартты-тұрақты шығыстар;

ЖСО – тиісті жылға арналған жұмыс уақытының балансына сәйкес жұмыс сағаттарының орташа айлық саны.

5. Қызмет көрсетуге тікелей қатысатын бір қызметкерге келетін шартты-тұрақты шығыстар айна мына формула бойынша есептеледі:

$$ШТШа = \frac{ШТШж}{12}, \text{ мұнда:}$$

ШТШж – жылына қызмет көрсетуге тікелей қатысатын бір қызметкерге келетін шартты-тұрақты шығыстар.

6. Қызмет көрсетуге тікелей қатысатын бір қызметкерге келетін шартты-тұрақты шығыстар жылына мына формула бойынша есептеледі:

$$ШТШж = \frac{ШТШд}{С}, \text{ мұнда:}$$

ШТШд – даму жоспары бойынша шартты-тұрақты шығыстар;

С – қызмет көрсетуге тікелей қатысатын қызметкерлердің саны.